

«Менің Туым» облыстық жобасының ережесі

1. Жалпы ережелер

Негізгі жоба «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру мақсатында бағытталған.

Негізгі ереже «Менің Туым» облыстық жобасын өткізудің мақсаты, міндеттері және тәртібін белгілейді. (әрі қарай жоба).

2. Жобаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты:

Аталмыш жоба азаматтардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарау, халқымыздың дәстүрлері мен еліміздің өткен тарих мұраларымызды құрметтеу, жас ұрпақтың белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастырып, патриоттық рухты күшейту мақсатында өткізіледі.

Міндеттері:

Балалар мен жастарды азаматтық-патриоттық бағыттағы әлеуметтік маңызды іс-шараларға тарту. Облыс тұрғындары арасында моральдық-рухани қағидаларды сақтау және дамыту. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерге аса құрметпен намыспен қарау.

3. Жобаға қатысушылар

Жобаға жалпы орта, қосымша, интернат ұйымдарының оқушылары, студенттер мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары, ұстаздар мен ата-аналар қатысады.

4. Жобаны өткізу мерзімі мен тәртібі

Жоба 3 кезең бойынша өткізіледі.

Дайындық кезең: 1 қыркүйекке дейін

Негізгі кезең 1-ші қыркүйектен 25-ші мамырға дейін

Қорытынды кезең 4 маусым ҚР рәміздер күні

Дайындық кезең:

1. Салтанатты іс-шара өткізілетін жерде мектеп алаңдарында жалаушалар орнату.

2. Білім беру мекемелерінде жобаның ақпараттық қамтамасыз етуі. Жобаны жүзеге асыру туралы оқушыларға, ұстаздар мен ата-аналарға ақпарат тарату.

Салтанатты іс-шараларда жалаушаларды қолдану үшін Мектептің әр оқушысына кәдесыйлық жалаушыларды сатып алу. (ұрандарды айту үшін)

Негізгі кезең 1-ші қыркүйектен 25 мамырға дейін.

1. Білім күніне арналған салтанатты мерекеде туды көтеру. Туды көтеру құрметіне ие болған оқушы мектеп басшылығының немесе өзін-өзі басқару органының шешімімен анықталады. Бұл жағдайда туды көтеру және түсіру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережелеріне

сәйкес жүзеге асырылады, ол «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 29.06.2018 ж. Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Өткізілген онлайн/офлайн форматтағы жиындар инстаграмм әлеуметтік желісінде **#Меңінтуым1қыркүйекрvi** хэштегімен жарияланады. Карантиндік шаралар күшейтіліп, онлайн форматта білім күні жүргізілген жағдайда сынып сағаттары зуум платформалары құралдары бойынша жүргізіледі.

2. Ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасау, «Отан туым» атты акцияларды өткізу: 1-18 желтоқсан аралығында және 4 маусым күндері 1-5 сынып оқушылары үшін Мемлекеттік м ерекелерді өткізу кезінде мектептің терезелеріне орналастыру үшін әртүрлі техникаларды қолданып (сурет салу, аппликация, кесте тігу, тігін және т.б.) А-3, А-2 пішімінде ту жасау. Өткізілген онлайн/офлайн форматындағы іс-шараның есебін инстаграмм әлеуметтік желісінде **#МеңінтуымОтанТуымrvi** хэштегімен жарияланады.

3. Ұлттық аза тұту туралы студенттер мен оқушыларға хабар беру. Ұлттық аза тұту кезеңінде Ұлттық туы жартысынан төмен түседі.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнін мерекелеу күні Павлодар облысының барлық мектептерінде 4-7 сынып оқушылары арасында Мемлекеттік рәміздер күніне арналған (үш тілде) викторина өткізу керек. Өткізілген онлайн/офлайн форматындағы викторина жайлы мағлұмат инстаграмм әлеуметтік желісінде **#Меңінтуым4 маусымrvi** хэштегімен жарияланады.

Қортынды кезең: Бұл кезеңде жобаның іске асырудағы нәтижелері, ата-аналардың, оқушылардың және ұстаздардың белсенділігін әрбір мектептің YouTube арнасындағы бейнематериалдарды талқылау арқылы көру.

Жобаның іске асыру бойынша қортынды фото және бейнематериалдарды жобаның үйлестірушісі Оразбаева Айжан Жұмагүлқызына mtuym@inbox.ru электрондық поштасына жіберілуі тиіс. Бейнесеп жіберген кезде тұрғылықты мекенің атауы (қала/аудан), оқу орындары, сынып-тобы, қатысушылардың саны.

5. Жобаны өткізуде күтілетін нәтижелер:

- 5.1. Облыстың тұрғындарының белсенді қатысуы.
- 5.2. Павлодарлық тұрғындардың мемлекетіміздің рәміздері Ту, Герб, Әнұран, Атазаң туралы ақпараттарының жоғары болуы.
- 5.3. Облыстық және мектептің сайтына ақпарат жіберу.
- 5.4. Instagram, Facebook әлеуметтік желілерінде жариялау.